

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерін кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 ақпандағы № 17 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 14 ақпанда № 8972 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 18 мамырдағы № 98 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 18.05.2021 № 98 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 139-бабы 9-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Бейімбет Майлин ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерін кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Аудан әкімдігінің "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерін кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2018 жылғы 28 маусымдағы № 192 қаулысы (2018 жылғы 26 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7959 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы*

*M. Ахметов*

Әкімдіктің

2020 жылғы 3 ақпандағы

№ 17 қаулысына

қосымша

**Азаматтық қызметшілер болыш табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшемелерін көмінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар денсаулық, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:

1) аудандық аурұхананың басшысы, аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның клиникалық (жедел медициналық көмек көрсету бөлімшелерінің, күндізгі стационардың, емхананың) және параклиникалық бөлімшелерінің менгерушілері;

3) барлық мамандықтағы дәрігерлер;

4) акушер;

5) диеталық мейіргер;

6) тіс дәрігері (дантист);

7) мейірбике (мейіргер);

8) қоғамдық денсаулық сақтау маманы (статистик);

9) зертханашы (медициналық);

10) провизор (фармацевт);

11) психолог маман;

12) рентген зертханашысы;

13) әлеуметтік қызметкер;

14) фельдшер;

15) медициналық тіркеуші.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

1) аудандық Халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;

2) аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің менгерушісі;

- 3) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;
  - 4) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;
  - 5) халықты жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы;
  - 6) қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
  - 7) психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балалар мен 18 жастан асқан мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер.
3. Білім мамандарының лауазымдары:
- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы (шағын жинақталған мектептен, мектепке дейінгі білім беру үйімнан, әдістемелік кабинетінен (орталықтан) басқа);
  - 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның: шағын жинақталған мектептің, мектепке дейінгі білім беру үйімінің, әдістемелік кабинеттің (орталық) басшысы;
  - 3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (шағын жинақталған мектептен басқа) басшысының орынбасары;
  - 4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің шағын жинақталған мектеп басшысының орынбасары;
  - 5) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның кітапхана басшысы (менгерушісі);
  - 6) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйімдарының барлық мамандықты мұғалімдері, оның ішінде мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопед, бастапқы әскери даярлықты үйімдастыруши оқытушы;
  - 7) әлеуметтік педагог;
  - 8) қосымша білім беретін педагог;
  - 9) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарының педагог-психологі; педагог-психолог (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарының педагог-психологін қоспағанда);
  - 10) зертханашы;
  - 11) психолог;
  - 12) тәрбиелеуші;
  - 13) музикалық жетекші (негізгі қызметтердің);
  - 14) тәлімгер;
  - 15) әдіскер (негізгі қызметтердің);
  - 16) әдістемелік кабинеттің әдіскері;
  - 17) мейірбике (мейіргер);

- 18) логопед;
- 19) емдәмдік мейірбике;
- 20) дәне тәрбиесі нұсқаушысы (негізгі қызметтердің);
- 21) хореограф (негізгі қызметтердің);
- 22) кітапханаши.

4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көркемдік жетекшісі;
- 4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның концерттік зал менгерушісі (басшысы);
- 5) музикалық жетекші;
- 6) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);
- 7) хореограф;
- 8) дыбыс режиссері;
- 9) режиссер;
- 10) қоюшы режиссер;
- 11) аккомпаниатор;
- 12) концертмейстр;
- 13) мәдени үйымдастырушы (негізгі қызметтер);
- 14) кітапханаши;
- 15) библиограф;
- 16) редактор (негізгі қызметтер);
- 17) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);
- 18) қазақ, орыс, ағылшын тілдер мұғалімі.

5. Спорт мамандарының лауазымдары:

- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 3) әдіскер;
- 4) жаттықтырушы-оқытушы;
- 5) (мамандандырылған) медициналық бике/аға.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК